

## 2015 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 335 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте № 3337 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімі аппаратының 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 232 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімі аппаратының 13.01.2016 № 232 хатымен).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес, Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесіне Созақ ауданының аумағында тұратын келесі тұлғалар кіреді:

- 1) алған мамандығы бойынша еңбек өтілі мен тәжірибесі жоқ, 21 жастан 29 жас аралығындағы жұмыс істемейтін жастар;
- 2) уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби оқуды аяқтаған тұлғалар;
- 3) жұмыссыз әйелдер.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Әлмағанбетке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М.Исаев*